

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 495 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 527 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2021 № 527 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының " Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы " 2003 жылғы 12 маусымдағы және " Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы " 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Ескерту. 1) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен ;

2) "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 32, 320-құжат):

тақырыптағы, кіріспедегі және мәтіндегі "акциздік алым таңбаларымен", " акциздік алым таңбаларын", "акциздік алым таңбаларының" деген сөздер тиісінше "акциз таңбаларымен", "акциз таңбаларын", "акциз таңбаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар - 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап;"

5-тармақтағы "өндірушілер" деген сөзден кейін ", банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар" деген сөздермен толықтырылсын, 6-тармақтың үшінші абзацындағы "өндірушілер мен" деген сөздер "өндірушілердің, банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылардың және" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "алкоголь өнімдері мен темекі бұйымдарын отандық өндірушілер мен импорттаушылардың өндірісі мен айналымының" деген сөздер "осы қаулының 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) Ескерту. 3) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі